БЕКІТЕМІН

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі _____ Г. Жанибекова

«__» _____ 2022жыл

«Бізді қоршаған әлем» немесе «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында ұйымдастырылған апталық жоспар.

Қ\с	Іс-шара тақырыбы	Іс-шара мақсаты	Өткізілетін күні	Жауапты маман
1	«Табиғат құбылыстары» (өлі және тірі табиғат) ашық ұйымдастырылған оқу қызметі	Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, өлі және тірі табиғатты ажырата білуге үйрету.	31.01.2022ж	Тәрбиеші Алипбаева Ж
2	«Пияз отырғызу» ойын терапиясы	Қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу және еңбекке баулу.	01.02.2022ж	Тәрбиеші Алипбаева Ж
3	Сурет студиясы «Бізді қоршаған әлем»	Өлі және тірі табиғат құбылыстарын ажырата отырып, дәстүрден тыс әдіс-тәсіл бойынша сурет салуға дағдыландыру.	02.02.2022ж	Тәрбиеші Алипбаева Ж
4	Ұйқыдан кейінгі шынықтыру-сауықтыру шарасы	балаларды ұйқыдан оятып, балалардың дене бітімінің дұрыс қалыптасуына қан айналымының жақсаруына арналған түрлі жаттығулар орындату.	03.02.2022ж	Тәрбиеші Алипбаева Ж
5	Қорытынды	Ұсыныс-пікір.	04.02.2022ж	

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта
Білім бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру
Тақырыбы: «Табиғат құбылыстары» (өлі және тірі табиғат)
Мақсаты: Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, өлі және тірі табиғат туралы түсіндіру, ажырата білуге үйрету

Ресурстар: теледидар,су құм, тас, тау, краска, сұйық сабын, ас содасы, лимон қышқылы, мұз,шар, трубочка, шыны ыдыс, балықтар, қармақ . т.б

Алдын-ала жүргізілген жұмыс: қыс мезгілі туралы тақпақ жаттату.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

Билингвалды компонент: қыс - зима,қар- снег, су -вода, ауа – воздух, табиғат- природа,

Сөздік жұмыс: өлі және тірі табиғат

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеттері
Мотивациялық-қозғаушылылық **Ұйымдастырушы-ізденушілік**	**Шаттық шеңбері:** Табиғат – біздің анамыз, Табиғат – біздің панамыз. Иіліп сәлем беретін, Біз әдепті баламыз. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілінде неше ай бар? - Қыс айларын атайықшы.. - Далада, балабақшаға келер жолда нені көреміз? - Дұрыс айтасыңдар, жерді ағаштарды, құстарды, аспанды, қарды т.б көреді екенбіз. - Мұның бәрін біз қалай атаймыз?	Шеңберге тұрып, өлең жолдарын айтады. Балалардың жауабы.

	- Ия, табиғат деп атайды екенбіз. - Ендеше балалар, бүгін бізді қоршаған әлем, тірі және өлі табиғат туралы білетін боламыз. - Балалар, жалпы табиғат дегеніміз не? - Табиғат нешеге бөлінеді екен? - Дұрыс айтасыңдар, екіге бөлінеді екен. Тірі және өлі табиғат. Тірі табиғатқа не жатады? - Дұрыс, тірі табиғатқа адамдар, құстар, жануарлар, өсімдіктер жатады. - Ал өлі табиғатқа нелер жатады екен? - Ия, дұрыс айтасыңдар, өлі табиғат көректенбейді, өспейді, тыныс алмайды. Оларға су, тас, ауа,күн,ай, жел, тау,құм т.б жатады. **Жұмбақ жасыру.** 1.Дәмі де жоқ, түсі жоқ Пайдаланбас кісі жоқ Бұл не ? - Дұрыс айтасыңдар балалар. Су түссіз, мөлдір болады. Дәмі қандай? Тұщы екен. 2.Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. Бұл не? - ия , күн екен, дұрыс таптыңдар. Күн бізге не сыйлайды?	Жұмбақтың шешуін табады.

	жылу сыйлайды, жарық береді. 3. Біз күнде оны жұтамыз, Онымен тыныс аламыз. Қолмен ұстап, көзбен көре алмаймыз, Бірақ, онсыз өмір сүре алмаймыз. Бұл не? - Дұрыс айтасыңдар, балалар Ауа- барлық тірі табигат үшін қажет. Онсыз адамдар өмір сүре алмайды, құстар аспанда ұша алмайды, өсімдіктер, жемістер, ағаштар курап кетеді екен. - Ендеше, теледидарга назар аударайық. Бейне ролик тамашалайық. **Бейне ролик тамашалау.** - Балалар, тірі және өлі табигат туралы түсінігіміз толыға түскен сияқты. - Ендеше, тәжірибе орталығына барып осы табигат құбылыстарына тәжірибе жасап көрейік. **Тәжірибе орталығы.** Балаларды тәжірибе жасауга шақыру. 3 топка бөліп отырғызу. 1-топ сумен тәжірибе жасайды. 2-топ: топ ауамен тәжірибе жасайды.(шар, су полиэтилен ыдыс, трубочка) 3-топ: тау, жанартау. (ас содасы, лимон қышқылы, сұйық сабын сұйық краска) 4-топ мұзбен тәжірибе жасайды	теледидарга назар аударады. Тапсырманы орындайды.

	(ыдыс, су, күнбағыс майы, түрлі түсті мұз) Тапсырманы жақсы орындағандары үшін балаларды мадақтау. **Ойын: «Кім жылдам?»** Шарты: 2 ыдыска су құйып, оның ішіне балықтар саламыз. ортаға 2 бала шығады. Балықтарды тез аулауы кажет.	Ойынға қызығушылық білдіреді.
	Сергіту жаттығуы: «Hello!» көңілді әуені. (Бейне ролик)	Әуенге сәйкес қимылдар жасайды
Рефлексиялық - түзетушілік	- **Қорытындылау:** - Жарайсыңдар балалар! Біз бүгін немен таныстық? Өлі және тірі табиғаттың айырмашылығы неде екен? - Біз адамдар қай табиғат түріне жатамыз? - Не себепті өлі және тірі табиғат деп бөледі екенбіз? - Себебі, тірі табиғат өседі, өнеді, көректенеді ұйықтайды екен. - Ал өлі табиғат көбіне қимылсыз болады. Тек табиғи құбылыстардың салдарынан қозғалысқа түседі екен. Бірақ, балалар, тірі табиғат иелері өлі табиғатсыз тіршілік ете алмайды. Олардың тіршілік етуі үшін өлі табиғат аса кажет.	Балалардың жауабы

	Мәселен біз, адамдар, ауасыз сусыз өмір сүре алмаймыз оны күнделікті тұтынады екенбіз. Сондықтан балалар табиғатты аялайық. Олар бар болса біз де өмір сүреміз, еніміз сау болады. Балаларды мадақтау, жұлдызшалармен бағалау.	Қуанады

Күтілетін нәтиже:

Түсінеді: Өлі және тірі табиғат туралы түсінеді;

Біледі: Өлі және тірі табиғатты ажырата алады.

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі _____ Г. Жанибекова
«__» _____ 2022 жыл

«Қарлығаш» ортаңғы тобының
«Пияз отырғызу» ойын терапиясы



Тәрбиеші: Ж. Алипбаева

2021-2022 оқу жылы

«Пияз отырғызу» ойын терапиясы

Мақсаты: Қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу және еңбекке баулу.

Қажетті құралдар: су құйғыш, стакан, пияз, топырақ, ойыншық күрекше т.б

- Қайырлы күн балалар!

Бүгін біз, топта пияз отырғызып үйренеміз. Ол үшін ең алдымен пияздың пайдасы туралы, оны не үшін қолданатынымызды біліп алайық.

- Балалар, пияз кандай болады?
- Ол көкөніс пе, әлде жеміс пе?
- Ол қайда өседі?
- Үйде аналарың ас дайындағанда қолдана ма?
- Ол тәтті ме, ащы ма?
- Қане, ендеше пиязды аршып, дәмін көрейікші…
- Ащы екен, ия?
- Ол ащы болса да біз тамаққа қосамыз. Оның кандай пайдасы барын бейне роликтен білетін боламыз.

Бейнеролик көрсету. «Пияздың пайдасы»

- Ал балалар, енді осы пиязды отырғызып көрейікші
- Ол үшін бізге не қажет?
- Дұрыс айтасыңдар, топырақ, ыдыс, су, пияз керек екен.
- Пияздың қай жақ бөлігін топыраққа отырғызамыз?
- Өте жақсы.

- Қазір біз пиязды отырғызамыз. Ол үшін алдымен алжапқыштарымызды тағып, қолымызға қолғап киеміз. Сонан соң пиязды қолымызға алып, топыраққа отырғызамыз.

Пиязды отырғызу тәсілін көрсету.

- Ал, балалар, пиязды отырғызып болдық.Енді пияз өсі үшін не істеу керек?
- Ия, су құямыз.
- Ал, енді балалар пиязымызды жарық әрі жылы жерге қояйық. Сонда тезірек өсіп, өнетін болады. Ол үшін үнемі күтім жасау қажет екен.

Балаларды мадақтау.

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі Г. Жанпбекова

«01» 02 2022 жыл

«Қарлығаш» ортаңғы тобы

«Бізді қоршаған әлем»

тақырыбында сурет салу

Тәрбиеші: Ж. Алипбаева

2021-2022 оқу жылы

«Бізді қоршаған әлем» тақырыбында дәстүрден тыс әдіс-тәсіл арқылы сурет салу

Мақсаты: Өлі және тірі табиғат құбылыстарын ажырата отырып, дәстүрден тыс әдіс-тәсіл бойынша сурет салуға дағдыландыру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде айналадағы қоршаған заттар туралы түсініктері қалыптасады. Тек қалыптасып қана қоймай, бала өзінің сол затқа қатынасын бейнелейді. Шығармашылықпен айналысу көңілсіз жағдайдан арылтып, эмоциональды көңіл-күй тудызады. Сондықтан,баланың қабілетін дамытушы құрал ретінде қарастырмай, сурет салуды емдеу терапиясы ретінде қарастырған жөн.

Мектеп жасына дейінгі бала үшін дәстүрлі әдіспен сурет салғаннан гөрі дәстүрден тыс әдіс-тәсіл тиімдірек. Бүгінгі «Бізді қоршаған әлем» тақырыбы балалар үшін қиын болып көрінуі мүмкін. Бірақ, бала бояуды қолмен ұстап, сезіну арқылы түнгі аспан мен жапалақтап жауған қарды, орман шыршаларын әдемі бейнелейді. Ол үшін бізге қара түсті қағаз, ақ гуашь, қылы қаттылау қылқалам керек. Себебі, қылқалам жұмсақ болса бояу жөнді шашылмайды. Сондықтан катты түрін таңдау кажет. Сонан соң, ақ парақтан трафарет ретінде қиып алған шыршаның, қояннын, аққаланың қиындысын қара түсті қағаз бетіне қойып, жылжытпай ұстап, ақ түсті гуашьты ақырын шаша бастаймыз. Қара түсті қағаз етінде шашылған ақ түс түнде жауып тұрған қарды бейнелесе, шырша мен қояннын суреті мұлгіген түнгі орманға сән беріп тұрғандай.

Бала өз шамасы мен жас мөлшеріне лайықты шығармашылық барысында әсемдік пен ұқыптылықты ұштастырады. Өзін қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауды үйренеді. Қиялындағы бейнені бейнелеу құралдарының көмегімен жеткізеді.

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі _____ Г. Жанұбекова

«01» 09 2022 жыл

«Қарлығаш» ортаңғы тобының

«Біз табиғаттың бір бөлшегіміз»

ұйқыдан кейінгі сауықтыру- шынықтыру шарасы



Тәрбиеші: Ж. Алипбаева

2021-2022 оқу жылы

«Біз – табиғаттың бір бөлшегіміз»

(ұйқыдан кейінгі сауықтыру – шынықтыру шаралары)

Мақсаты: балаларды ұйқыдан оятып, балалардың дене бітімінің дұрыс қалыптасуына қан айналымының жақсаруына арналған түрлі жаттығулар орындату.

Түскі ұйқыдан кейін баланы сергіту гимнастикасын ұйымдастырғанда оның дене бітіміне жайлылық және психологиялық жағымды әсер беруін естен шығармаған жөн. Ақырын, ырғақты әуен қойып, оянудың міндетті шарттарын сақтай отырып, баланың оянуына мүмкіндік жасау. Жаттығуды орындату барысында баланың жас ерекшелігі ескеріледі. Яғни жас ерекшелігіне қарай 7 минуттан бастап, 15мин. аралығында жүргізіледі.

I. Төсек үсті мен массажды жаттығулар.

1. Орнынан тұрмай, арқасымен шалқалай жатып, қол мен аяқты көтеріп, сермеп, «Велосипед» жаттығуын орындату.

2.Қайық жаттығуы.

Сонан соң,ішпен жатып, колды тіреп,жоғары тартылып, еңкею, тербелу.

3.Шанғы жаттығуы. 2 аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау. Табанды төсек үстіне үйкеу.

4. Ашулы мысық жаттығуы. Тіземен тұрып, белді бүкірейтіп,басты төмен түсіру.

II. Жалпы дене жаттығулары.

1.«Ауа райы» жаттығуы. Балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына әртүрлі массаж жасайды.

III. нүктелі массаж

1.Суық тиюге және тымауға қарсы массажды жаттығу жасату.

2.Мұрынды нұсқаушы саусақпен кезек-кезек үйкеу.

3.Қолды маңдайға қойып укалау.

4.Құлақты екі қолдың саусақтарымен жоғары, төмен шымшу.

IV. Табанға массаж

Жалаң аяқ күйде кедір-бұдыр массажды төсеніштер үстімен жүріп өту. Бұл массаж табан бөлігіндегі белсенді нүктелер әсер етіп, майтабанның алдын алу үшін пайдалы.

V. Тыныс алу жаттығулары. Тыныс алу жаттығулары өкпенің жұмысын жетілдіріп, қан айналымын жақсартады. (үрлеу әдісі)

1. шар үрлеу

2. резеңке қолғаппен

3. құрт.